

◆ ӨЗЕКТІ

## Аудан экономикасын дамытудың тетігі қандай?



ЖЕҢІСОВ  
Серік Жеңісұлы  
Самар ауданының әкімі

Таунар ҚАЙРАТҰЛЫ

Самарда аудан әкімінің төрағалығымен жиын өтті. Жиында аудан экономикасының қалай дамып жатқаны, инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысы және агроөнеркәсіп кешенін одан әрі дамыту үшін қандай жұмыстар атқарылуы керектігі талқыланды.

Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, ауылдық округ әкімдері және бөлім басшылары қатысты.

– Биыл ауданда 13 инвестициялық жоба іске асырылуда. Олар ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу саласы және шағын бизнес бағыттарын қамтиды. Әрбір жоба – жана жұмыс орындары, бюджетке қосымша салық түсімдері және тұрғындардың өмір сапасының артуына тікелей әсер етеді.

Көптеген бағыттар бойынша ауданда оң өзгерістер бар. Дегенмен, мұқият әрі жауапты қарауды қажет ететін мәселелер де бар. Округ әкімдеріне әр жобаны жеке бақылауда ұстауды және инвесторлармен белсенді жұмыс жүргізуді тапсырдым, – дейді Самар ауданының әкімі Серік Жеңісұлы.

Аудан басшысының сөзінше, экономиканы көтеру үшін әкімдер жүйелі жұмыс істеуі керек.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым атап өткендей, әрбір басшы, әрбір әкім тек лауазым иесі болып қана қоймай, нақты нәтижеге жұмыс істеуі тиіс. Әрқайсымыз экономиканы дамыту мен қойылған міндеттердің орындалуына жеке жауаптымыз.

Округ әкімдері өз аумағының даму мүмкіндіктерін – ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу, кәсіпкерлік немесе инвестиция тарту болсын – нақты түсініп, жүйелі түрде жұмыс істеуі маңызды. Осындай тәсіл арқылы ғана аудан экономикасының тұрақты өсуіне қол жеткізіп, ел дамуына өз үлесімізді қоса аламыз, – дейді аудан әкімі.

◆ СПОРТ

## Волейболдан жарыс өтті

Ақжол МАНАРБЕКҰЛЫ

Самар ауданының Құлынжон ауылында 2013–2014 жылы туған жасөспірімдер арасында КСРО әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне арналған волейболдан ашық турнирі өтті.

Тартысты додаға алыс-жақыннан 4 команда қатысып, өзара бақ сынасты. Кіл мықтылар жиналған жарыста спортшылар ала допты ұршықша иіріп, бір-біріне дес берер емес.

– Бүгінгі жасөспірімдер арасындағы жарысымыз заң мен тәртіп аясында өтіп жатыр. Соңғы жылдары ауданымызда жасөспірімдер арасындағы спорттық ойын түрлеріне мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінуде. Ойын өте әділ, тартысты өтті, – дейді Самар аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Шәкәрім Құдайбергелұлы.

Жарыс соңында мықтылар анықталып, марапатталды.

I орын – Тарбағатай ауданы  
II орын – Катонқарағай ауданы  
III орын – Күршім ауданы.



◆ ЭТИКА

## Мемлекеттік қызметшілер этика сақтауы керек

Ақжол МАНАРБЕКҰЛЫ

Самар ауданы әкімінің аппаратының жетекшісі және этика бойынша уәкіл Рауан Жампеисов Аққала ауылдық округінің әкімі мен мемлекеттік қызметшілерімен профилактикалық әңгіме жүргізді.

Кездесу барысында этикалық нормаларды сақтау, еңбек тәртібін қатаң ұстану, сондай-ақ қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

– Барлық қызметтерді тек заң шеңберінде көрсету керек, заңға қарсы ешқандай әрекет жасалмауы тиіс. Мемлекеттік қызметшінің этикалық кодексін сақтау және еңбек тәртібін ұстану – басты ереже, оны әрқашан есте ұстау қажет, – деді этика уәкілі.

◆ ПРАЗДНИКИ

## Широкая Масленица

Канат АПСАДЫКОВА

В воскресенье, несмотря на обильный снегопад, во всех сёлах района прошёл традиционный праздник Масленицы – проводы Зимухки-Зимы. Жители попрощались с холодом зимы и радостно ожидали тёплых весенних дней.

Масленица — один из самых весёлых и шумных праздников в году, который любят все — от мала до велика. Он ассоциируется с началом весны и изобилием на столе румяных блинов. Праздник зародился ещё в языческой Руси и изначально имел сакральное значение, символизируя круговорот жизни и смерти, победу весны над зимой, единение рода и семьи.

Зима всегда была испытанием для человека, поэтому приход весны являлся радостным событием, которое обязательно нужно было отпраздновать. Наиболее распространённой версией происхождения Масленицы считается то, что люди старались «умаслить» Весну. Поэтому празднование получило название «Масленица». Древние верили, что молодой Весне сложно одолеть старую коварную Зиму, и для помощи Весне устраивали весёлые гулянья.

Собравшиеся на площади Дома культуры остались довольны организованным праздником. Организаторы районного очага культуры подготовили красочный концерт, в котором прозвучали народные,

эстрадные и шуточные песни с участием ансамбля народной песни «Забава» и других артистов.

Одна из главных традиций Масленицы — выпечка блинов. В этот день пекут круглые блины золотистого цвета, напоминающие солнце, приглашают весну и тепло, символ обновления и плодородия. Съесть блин на Масленицу — значит «проглотить» кусочек солнца, его тепла, нежности и щедрости. Чем больше будет приготовлено и съедено блинов, тем быстрее наступит весна и тем теплее будут последующие времена года до следующей зимы.

На праздничном мероприятии гостей угощали вкусными блинами, горячим чаем и сладостями. В рамках традиции позже сжигается соломенная кукла, символизирующая зиму. Для детей и взрослых были организованы различные спортивные игры и развлечения.

Пусть Масленица приносит тепло весны, изобилие и радость всем жителям нашего района!

Самар



Шығыс шақырады ▶ 4



Заңсыз тасымалға жол жоқ ▶ 8